

ЭТНОГРАФИЗМДЕРДІҢ СӨЗЖАСАМДЫҚ АСПЕКТІСІ

Ратай Нұрилла Бахтиярқызы

rataeva.nurila@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, филология факультеті, 7М01717
«Қазақ тілі мен әдебиеті педагогтерін даярлау» мамандығының

1-курс магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі: қазақ тіл білімі кафедрасының доценті, ф.ғ.к. С.С.Шоқабаяева

Қазақ халқының тұрақты дамуының ең сенімді, әрі күдіретті күштеріне қазақ тілінің тек қатынас құралы ретіндегі ғана емес, оның өткен өмірді де, халық даналығын да, ұлттық салт-дәстүр мен мәдениеті, ата мұрасын ұрпақтан ұрпаққа шашпай-төкпей жеткізетін кумулятивтік қызметі жатады. Этнолингвистика – сол тілде сөйлеуші ұлттың өмірі мен, тұрмыс-тіршілігімен, ұғым-түсінігімен, әдет-ғұрып, салт-санасымен байланыстыра зерттейтін тіл білімінің саласы [1,4-б.].

Этнография – белгілі бір халықтың тұрмыс-салты, әдет-ғұрпы, мәдени ерекшеліктері, ал *этнографизмдер* – осы құндылықтарын атайтын сөздер мен сөз тіркестері. Этнографизмдер сөзжасамдық тәсілдердің барлық түрі арқылы жасалады. Адам танымымен тығыз байланыста қарастырылатын сөзжасамдық мәселелер ұлттық дүниетанымның тілде қалай жасалатынын көрсете алатындығын алға тартпақпыз. Қай халық болмасын өз ойын, ұлттық ұғымдарын, салт-дәстүрлерін, айшықты, көркем беруге тырысады, себебі осы ұғымдар арқылы сол ұлттың, этностың бар болмысы беріліп тұратындай... Міне біз, сондықтан да, осы этнографизмдердің (сөздер мен сөз тіркестерінің) жасалуына мән беріп, сөздердің жасалуын зерттейтін тіл білімі саласындағы сөзжасамдық тәсілдер арқылы талдап көрсетпекпіз.

Қазақ тілінің сөзжасам жүйесінде көне замандардан бері қарай қолданылып келе жатқан, әбден орныққан, қалыптасқан сөзжасамның негізгі үш тәсілі бар:

- 1) синтетикалық тәсіл;
- 2) аналитикалық тәсіл;
- 3) лексика-семантикалық тәсіл.

Синтетикалық тәсіл арқылы туынды сөз жасаудың тілде қалыптасқан өзіндік жолы бар. Бұл тәсіл арқылы туынды сөз жасау үшін, оған екі тілдік бірліктің қатысуы керек: 1) лексикалық мағыналы сөз, 2) сөзжасамдық жұрнақ [2,203-б.].

«Ағайын *әмеңгерлік* жолымен Шарбанды Мұртазаға қоспақшы болады» (Ш.Мұртаза «Ай мен Айша»). Әмеңгерлік – қазақ халқының сонау атам заманнан келе жатқан күйеуі қайтыс болғанда ағайын алыстап кетпес үшін қайнысына қосу салты [3,18]. Синтетикалық тәсіл арқылы жасалған. *Әмеңгер* деп қайтыс болған туған ағасының немесе інісінің жесіріне үйленген адамды айтады. *-лік* жұрнағы жалғану арқылы жасалған.

Аналитикалық тәсілде екі я одан да көп сөз бір-бірімен тіркесіп, жаңа лексикалық мағыналы сөз жасайды. Аналитикалық тәсіл арқылы жасалған сөз күрделі сөз деп аталады. Қазақ тілінде аналитикалық тәсіл – жиі қолданылатын, өнімді сөзжасам тәсілдерінің бірі. Аналитикалық тәсілдің мынадай 4 жолы бар: 1) сөзқосым, 2) қосарлау, 3) тіркестіру, 4) қысқарту [2,205-б.].

«Ошақ басында қазан қарап, от түзеп отырған Қатшагүл келіні сылдыр еткізіп көсеуді тастай салып, ұшып тұрып, қайнағасына сәлем қылды»(Ш.Мұртаза.«Қызыл жебе»). Сәлем салу – дәстүр. Келіннің жанұядағы қызметі мен әдептілігінің белгісі, ата-енесіне, қайын жұртына деген құрметі мен сәлемі[4,249].*Сәлем қылды* – аналитикалық тәсіл арқылы жасалып тұрған этнографизм. *Сәлем+қылу* тіркесу арқылы жасалып тұр.

«*Кемпір жақсы көретін қайнысының атын атай алмай, амалсыз тілі байланды*»(Ш.Мұртаза.«Қызыл жебе»).*Қайны, қайын іні* – туыстық атау, ерлі-зайыпты адамдардың өздерінен жасы кіші інісі. Сөзжасамның аналитикалық тәсілінің ішінде қысқарту түрі арқылы жасалып тұр.

"Қынаменде, жар-жар мен беташар бар;

Өлеңсіз солар қызық бола ма гүл?"(Абай). *Қынаменде* – (*ұрын келу*)құда түсіп, уәде беріп, қалың мал төлеген соң күйеудің атастырған қалыңдығын алғаш рет көруге келген тойы. Аналитикалық тәсілдің бірігу жолы арқылы жасалып тұрған этнографизм. *Жар-жар* – қазақ тұрмыс-салт жырларының ежелден келе жатқан жанрлық түрінің бірі. Ол қыздың ұзатылатын тойы аяқталып, аттанар алдында орындалады. Аналитикалық сөзжасамдық тәсілдің қосарлану жолы арқылы жасалып тұр.*Беташар* – қазақтың келін түсіргенде жасалатын салтының бірі. Дәстүрлі беташар, әдетте, тойға жиналған халық тарқар кезде өткізілген [3,237]. Аналитикалық тәсілдің бірігу жолы арқылы жасалып тұр.

Лексика-семантикалық тәсілде сөздің құрамы, тұлғасы ешбір өзгеріске түспейді, өзгеріс тек сөздің мағынасында ғана болады[2,207-б.].

«*Құттықтап әркім келіп, қалау алып, ат мінді молдадағы атын қойған*»(С. Торайғыров. «Кедей»). Лексика-семантикалық тәсіл арқылы жасалып тұрған этнографизм. *Қалау* – салт. Біреудің жақсы малына, затына, мүлкіне көңілі кеткен адам сол үйге барып «қалау» қалайды, яғни ұлына қамшы, қызына алқа, білезік сияқты бағалы зат сыйлайды. Бұл үшін ол бие, сиыр, кілем, т.б. бағалы заттар қалауы мүмкін[4,122-б.].

«*Жұрт малын жылулаған аясын ба?*»(І.Жансүгіров. «Құлагер»).*Жылу* – дәстүрлі қазақ қоғамындағы ауыр тұрмыстық жағдайға душар болған адамға көрсетілетін жәрдемнің бір түрі. Мұндай жәрдем жұт болып, малы қырылғанда, үй-жайы өртеніп, баспанасыз, киім-кешексіз қалғанда, шектен тыс қарыздар болғанда жеке адамға туған-туысқандары, көрші-қоландары, ауылдастары тарапынан көрсетіледі[3,124-б.].

Қорытындылап айтқанда, әрбір адам өз ұлтының болмысын, тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын тереңірек білу мақсатында этнография ғылымына жүгінсе, ал сол этностың тұрмыс-тіршілігінде күнделікті қолданатын лексикалық бірліктерді қолдануды тіл білімінің этнолингвистика саласы арқылы танысады. Ал сол сөздік құрамда қолданатын сөздердің қалай жасалғандығына бізге көмекке келетін тіл білімінің сөзжасам саласы, ондағы сөздердің жасалу тәсілдері.

Қазақ тіл білімінде этнос тілінің оның мәдениетімен, дүниетануымен, рухани байлығымен сабақтас екендігіне тағы да көз жеткізіп отырмыз. Этнолингвистика ғылымындағы негізгі ұғымдар мен түсініктерге этнографизмдерді жатқызамыз. Қазақ халқының болмыс-бітімін, психологиясын, тұрмыс-тіршілігінде орын алған салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ырымдардың аталған шығармалардағы орны ерекше. Осылайша біз:

– Этнографизмдер арқылы халықтың тұрмыс-тіршілігінен хабар алып, болашақ ұрпақ үшін қалатын құнды қазына екендігіне көз жеткіземіз.

– Қазақ тілінің барлық сөзжасамдық тәсілдері арқылы тіліміздегі этнографизмдер жасалатыны анық болды.

– Тіліміздегі этнографизмдердің мән-мағынасын тереңірек білу үшін олардың жасалу тәсілдерімен қатар мән-мағыналарын да зерттей түсу қажет екендігіне көз жеткіздік.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде (этнолингвистикалық сөздік) Адам. – Алматы: Дайк-Пресс, 2009. –784 б.

2. Қазақ грамматикасы: фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис / ҚР Білім және ғылым министрлігі, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты. –Астана: Астана полиграфия, 2002. – 784 б.
3. Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде: этнолингвистикалық сөздік.2-том. – Алматы: Сардар,2013. – 724 б.
4. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. /Құраст.: А.Фазылжанова, Н.Оңғарбаева, Қ.Ғабитханұлы және т.б. – Алматы: Дәуір ,2011. – 752 б.